

Н. Исабай<sup>1\*</sup>, Д.Б. Тебаев<sup>2</sup>, М.К. Журунова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>Заңнама және құқықтық ақпарат институты, Астана, Қазақстан

\*e-mail: nurbek.isabay@gmail.com

## ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ЖӘНЕ ЖАЛДАМАЛЫ ЖҰМЫСҚЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТОҒЫСУЛАР

Мақалада Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы мен әкімшілік сот ісін жүргізу саласында жалдамалы жұмыскерлердің еңбек құқықтарын қорғаудың құқықтық негіздері мен тетіктері жан-жақты талданады. Зерттеу барысында еңбек қатынастарын реттеу мен қорғау ісінде маңызды рөл атқаратын уәкілетті мемлекеттік органдардың – мемлекеттік еңбек инспекциясының, прокуратураның және адам құқықтары жөніндегі уәкілдің – өкілеттіктері мен олардың өзара іс-қимылы қарастырылды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӘРПК) аясында әкімшілік әділет жүйесінің еңбек қатынастарына ықпал ету әлеуеті зерттеліп, мемлекеттік органдардың актілері мен әрекеттерін (немесе әрекетсіздігін) даулаудың тиімді құқықтық құралы ретіндегі мүмкіндіктері сараланды. Мұндай талдау әкімшілік әділет тетіктерінің еңбек құқықтарын қорғаудағы рөлін айқындауға, сондай-ақ құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған институционалдық және нормативтік ұсыныстар әзірлеуге негіз болады. Бұл мақаланың мақсаты – әкімшілік әділетті жалдамалы жұмыскердің құқықтарын қорғаудың құқықтық құралы ретінде кешенді тұрғыда зерделеу.

Зерттеу еңбек құқықтарын қорғаудағы әкімшілік сот ісін жүргізудің және өзге де әкімшілік әділет тетіктерінің (сотқа дейінгі шағым беру, прокурорлық бақылау және өзге де институттар) рөлі айқындалады.

Зерттеу барысында ерекше назар халықаралық еңбек стандарттарына, атап айтқанда Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) конвенцияларына, Еуропалық адам құқықтары сотының шешімдеріне және Еуропалық Одақтың нормативтік актілеріне аударылды. Сонымен қатар Германия мен Францияның тәжірибелері негізінде әкімшілік рәсімдер арқылы еңбек құқықтарын қорғаудың тиімді үлгілері талданды. Отандық және шетелдік тәжірибелерді салыстырмалы түрде талдау нәтижесінде әкімшілік әділет жүйесін іске асыру барысында кездесетін құқықтық олқылықтар мен институционалдық қиындықтар анықталды. Осыған байланысты ұлттық заңнаманы жетілдіру, әкімшілік соттардың құзыретін нақтылау, сондай-ақ еңбек құқықтарын қорғаудағы әкімшілік рәсімдердің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірленді.

**Түйін сөздер:** әкімшілік әділет, еңбек даулары, еңбек инспекциясы, әкімшілік рәсімдер, жария-құқықтық даулар, әкімшілік акт, мемлекеттік қызметкер.

N. Isabay<sup>1\*</sup>, D.B. Tebayev<sup>2</sup>, M.K. Zhurunova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Astana International University, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>Institute of Legislation and Legal Information, Astana, Kazakhstan

\*e-mail: nurbek.isabay@gmail.com

### Administrative justice and protection of the rights of hired workers: institutional and legal interrelations

The article provides a comprehensive analysis of the legal foundations and mechanisms for protecting the labor rights of hired workers within the framework of administrative law and administrative justice in the Republic of Kazakhstan. The study examines the powers and interactions of authorized state bodies that play a key role in the regulation and protection of labor relations – the State Labor Inspectorate, the Prosecutor's Office, and the Commissioner for Human Rights. Particular attention is given to the potential of the administrative justice system under the Administrative Procedure and Process Code of the Republic of Kazakhstan (APPC) in influencing labor relations and in contesting acts, actions (or inactions) of state bodies as an effective legal remedy.

This analysis helps to identify the role of administrative justice in ensuring the protection of labor rights, as well as to develop institutional and regulatory recommendations for improving law enforcement practice. The purpose of the article is to conduct a comprehensive study of administrative justice as a legal tool for protecting the rights of hired workers.

The study identifies the role of administrative proceedings and other mechanisms of administrative justice (pre-trial appeals, prosecutorial supervision, and other institutions) in ensuring the protection of labor rights. Special attention is paid to international labor standards, particularly the conventions of the International Labour Organization (ILO), the decisions of the European Court of Human Rights, and the regulatory acts of the European Union. Based on the experiences of Germany and France, the article analyzes effective models of protecting labor rights through administrative procedures.

A comparative analysis of national and foreign practices revealed legal gaps and institutional difficulties that arise in the implementation of the administrative justice system. In this regard, measures are proposed to improve national legislation, clarify the jurisdiction of administrative courts, and enhance the effectiveness of administrative procedures in protecting labor rights.

**Keywords:** administrative justice, labor disputes, labor inspectorate, administrative procedures, public-law disputes, administrative act, civil servant.

Н. Исабай<sup>1\*</sup>, Д.Б. Тебаев<sup>2</sup>, М.К. Журунова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Международный университет Астана, Астана, Казахстан

<sup>2</sup>Институт законодательства и правовой информации, Астана, Казахстан

\*e-mail: nurbek.isabay@gmail.com

#### **Административное правосудие и защита прав наёмного работника: институциональные и правовые взаимосвязи**

В статье всесторонне анализируются правовые основы и механизмы защиты трудовых прав наёмных работников в сфере административного права и административного судопроизводства Республики Казахстан. В ходе исследования рассмотрены полномочия и взаимодействие уполномоченных государственных органов, играющих ключевую роль в регулировании и защите трудовых отношений – государственной инспекции труда, прокуратуры и Уполномоченного по правам человека. Особое внимание уделено потенциалу системы административного правосудия в рамках Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан (АППК) в части влияния на трудовые отношения и оспаривания актов, действий (или бездействия) государственных органов как эффективного правового инструмента.

Такой анализ позволяет определить роль административного правосудия в обеспечении защиты трудовых прав, а также разработать институциональные и нормативные рекомендации по совершенствованию правоприменительной практики. Цель статьи – комплексное исследование административного правосудия как правового инструмента защиты прав наёмного работника.

В исследовании выявлена роль административного судопроизводства и иных механизмов административного правосудия (досудебное обжалование, прокурорский надзор и другие институты) в обеспечении защиты трудовых прав. Особое внимание уделено международным трудовым стандартам, в частности конвенциям Международной организации труда (МОТ), решениям Европейского суда по правам человека и нормативным актам Европейского Союза. На основе опыта Германии и Франции проанализированы эффективные модели защиты трудовых прав посредством административных процедур.

Сравнительный анализ отечественного и зарубежного опыта позволил выявить правовые пробелы и институциональные трудности, возникающие при реализации системы административного правосудия. В этой связи предложены меры по совершенствованию национального законодательства, уточнению компетенции административных судов и повышению эффективности административных процедур в сфере защиты трудовых прав.

**Ключевые слова:** административное правосудие, трудовые споры, инспекция труда, административные процедуры, публично-правовые споры, административный акт, государственный служащий.

## Кіріспе

Құқықтық мемлекет жағдайында әкімшілік әділет адам құқықтарының, соның ішінде еңбек құқықтарының сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін маңызды құқықтық тетік ретінде қарастырылады. Әкімшілік рәсімдік процестердің тиімді қызмет етуі азаматтардың мемлекеттік органдармен өзара қатынасында құқықтарын іске асыруына және қорғауына тікелей әсер етеді. Уақыт өткен сайын жария-құқықтық қатынастарды реттеу саласында жаңа сапалық деңгейге көшу қажеттілігі айқындалды. Мемлекеттік басқару жүйесінде шешім қабылдау ашықтығын арттыру және азаматтардың құқықтарын тиімді қорғау мақсатында әкімшілік рәсімдерді жетілдіру өзекті міндетке айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Тұрақтылық пен гүлденудің негізі – құрылымдық әлеуметтік диалог» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Тыңдайтын мемлекет» тұжырымдамасын қалыптастырудың маңыздылығын ерекше атап өтті. Бұл бастама азаматтардың заңды және конструктивті талаптарына жедел әрі тиімді жауап беретін, қоғаммен тұрақты диалог орнатуға бағытталған жаңа үлгідегі басқару жүйесін қалыптастыруды көздеді. Осылайша, әкімшілік әділетті дамыту мен әкімшілік рәсімдердің сапасын арттыру азаматтардың құқықтарын қорғаудың басты шарты және заманауи мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаты ретінде танылды (<https://bit.ly/>).

Одан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында азаматтардың құқықтарын мемлекеттік органдармен өзара қатынастарда қорғаудың тиімді тетіктерін қалыптастыру қажеттігін атап өтіп, 2021 жылдан бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті (ӘРПК) енгізудің маңыздылығына ерекше назар аударды. Бұл кодекс азаматтар мен мемлекеттік билік органдары арасындағы қатынастарды өркениетті құқықтық арнаға түсіруге және әкімшілік әділет қағидаттарын нақты іске асыруға бағытталды (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/>).

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2020–2030 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында ӘРПК-нің қабылдануы Конституцияда бекітілген ең жоғары құндылық-

тар – адам, оның құқықтары мен бостандықтары – негізінде азаматтар мен әкімшілік органдар арасындағы құқықтық қатынастарды жаңа деңгейге көтеретін маңызды қадам ретінде бағаланды. Бұл құжат әкімшілік әділет жүйесін дамытудың стратегиялық бағыттарын айқындап, жария-құқықтық қатынастар саласында әділдік, айқындық және есеп берушілік қағидаттарын орнықтыруға бағыт берді (<https://adilet.zan.kz/>).

Аталған стратегиялық құжаттарда әкімшілік әділет жүйесін енгізу, мемлекеттік аппараттың қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейту және азаматтардың жария-құқықтық қатынастардағы құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету міндеттері айқын түрде белгіленді. Бұл бастамалар мемлекеттік басқарудың ашықтығын арттырумен қатар, азаматтар мен билік арасындағы өзара сенімді нығайтуға бағытталды.

Сонымен бірге құқықтық реттеудің негіздемелік бөлігі ретінде жеке процессуалдық кодексіз жария-құқықтық қатынастар аясында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін толыққанды қорғау мүмкін еместігі ерекше атап өтілді. Бұл ұстаным әкімшілік әділетті құқықтық мемлекеттің ажырамас элементі ретінде тануға мүмкіндік берді.

## Әдебиеттік шолу

Ғылыми доктринада да осы идея кең қолдау тапқан. Зерттеушілердің пікірінше, адам құқықтарының қорғалуы мен олардың іске асырылу деңгейі көбіне мемлекеттегі әкімшілік әділет жүйесінің бар болуына және оның даму дәрежесіне тікелей тәуелді екендігін С.С. Шишимбаева зерттеген (Шишимбаева, 2014, б. 23).

Осы тұрғыдан алғанда, әкімшілік әділетті нығайту құқықтық мемлекеттің сапалық көрсеткіші әрі демократиялық басқарудың басты шарты ретінде қарастырылады. Қазақстан Республикасында әкімшілік рәсімдердің құқықтық негізі 2000 жылдан бастап қалыптаса бастады, сол жылы «Әкімшілік рәсімдер туралы» заңның қабылдануы мемлекеттік басқару жүйесінде заңдылық пен тәртіпті нығайтуға бағытталған тәжірибені орнықтырды (Ежегодник публично-го права, 2018, б. 213).

Бұл заң мемлекеттік органдардың шешім қабылдау рәсімдерін айқындап, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға ар-

налған әкімшілік әділет институтының қалыпта-  
суына құқықтық алғышарттар жасады.

Сонымен қатар әкімшілік рәсімдік процес-  
тер арқылы еңбек құқықтары бұзылған жұмыс-  
керлердің мүдделерін қорғау іс жүзінде бірқатар  
күрделі мәселелерге тап болуда. Олардың ката-  
рында ең алдымен еңбек дауларының азаматтық  
және әкімшілік соттардың юрисдикциясы ара-  
сында нақты шекарасының болмауы, бұл құқық  
қолдану тәжірибесінде қайшылықтар туында-  
татыны атап өтілетіні туралы Сейдалина Ж., өз  
пікірін білдерген (Сейдалина, 2013, б.78).

Сонымен бірге Әкімшілік рәсімдік-процес-  
тік кодекске (ӘРПК) «еңбекке қатысты жария-  
құқықтық даулар» жөнінде жеке тарау енгізу  
қажеттігі де маңызды мәселе ретінде көрініс  
табуда. Бұған қоса, әкімшілік процесте жұмыс-  
кердің пайдасына презумпция қағидатын бекіту  
және еңбек инспекцияларының заңсыз актілері  
мен әрекеттері үшін мемлекеттік органдардың  
жауапкершілігін күшейту қажеттігі айқын бай-  
қалатыны туралы Пекка Халберг атап кеткен  
(Халберг, 2013, б. 89).

Осыған байланысты әкімшілік әділет пен  
еңбек құқықтарын қорғаудың институционал-  
дық және құқықтық өзара байланысын зерттеу  
қазіргі Қазақстан үшін өзекті және ғылыми-тә-  
жірибелік тұрғыдан маңызды бағыт болып табы-  
лады. Мұндай зерттеу әкімшілік әділет жүйесін  
жетілдіру арқылы еңбек саласындағы құқықтық  
кепілдіктерді күшейтуге, мемлекеттік органдар-  
дың жауапкершілігін арттыруға және азамат-  
тардың құқықтарын тиімді қорғауға мүмкіндік  
береді (Нурмагамбетов & Жумабаева, 2024, б.  
101).

### **Материалдар мен әдістер**

Мақаланы жазу барысында салыстырмалы –  
құқықтық әдіс Еуропа елдері мен Қазақ-  
станның әкімшілік іс жүргізудегі ерекшеліктері  
қарастырылған болса, тарихи құқықтық әдісте  
ӘРПК қабылданғанынан бастап, еңбек даула-  
рына байланысты қолданылу мүмкіндіктері  
зерттелді, сонымен бірге, талдау және синтез  
әдістері мен индукция, дедукция сияқты ғылы-  
ми танымның әдістері қолданылды. Зерттеу ма-  
териалдары ретінде ХЕҮ конвенциялары, ұлт-  
тық заңнама және сот шешімдері басшылыққа  
алынды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің  
(ӘРПК) қабылдануы мен енгізілуі қазіргі Қазақ-  
стан жағдайында мемлекеттік аппараттың қоғам  
алдындағы жауапкершілігін күшейтіп, азамат-  
тардың құқықтары мен заңды мүдделерін қор-  
ғаудың жаңа сапалық деңгейін айқындады. Бұл  
кодекс азамат пен мемлекеттік орган арасында-  
ғы қатынастарды жария-құқықтық негізде рет-  
теп, мемлекеттік шешімдер мен әрекеттердің  
заңдылығын бақылауға мүмкіндік берді. Әсіресе  
еңбек қатынастары саласында әкімшілік даулар-  
ды қараудың құқықтық тетіктері нақтыланып,  
жұмыскерлердің құқықтарын қорғауға бағыт-  
талған әкімшілік әділет институтының маңы-  
зы артты. Ғылыми тұрғыдан алғанда, адамның  
құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз  
ету деңгейі елдегі әкімшілік әділет жүйесінің  
дамуымен тығыз байланысты деп есептеледі.  
Сол себепті еңбек дауларын әкімшілік тәртіппен  
шешудің тиімді және жан-жақты механизмі жү-  
мыскерлердің құқықтарын қорғаудың пәрменді  
құралы ретінде қарастырылады.

Қазақстан Республикасының Конституция-  
сы еңбек ету құқығын адамның негізгі құқықта-  
рының бірі ретінде таниды (24-бап) (<https://adilet.zan.kz/>) және оны қамтамасыз етудің әртүрлі  
құқықтық тетіктерін белгілейді. Бұл нормалар  
әкімшілік әділет жүйесі арқылы іске асырылып,  
еңбек саласында әділдік пен заң үстемдігін қам-  
тамасыз етуге бағытталған институционалдық  
негіз қалыптастырады.

Адам құқықтарының жағдайы, олардың сақ-  
талу және жүзеге асырылу деңгейі елдің ұлттық  
заңнамалық базасына ғана емес, сонымен қатар  
әкімшілік әділет жүйесінің бар-жоғына және  
оның даму деңгейіне тікелей тәуелді. Егер мем-  
лекетте әкімшілік әділет институты қалыптасып,  
тиімді қызмет етсе, онда азаматтардың құқықта-  
ры мен заңды мүдделерін қорғау тетіктері де со-  
ғұрлым пәрменді болады. Сонымен бірге, құқық  
үстемдігін тек жариялау жеткіліксіз – оны нақты  
іске асыру үшін заңдардың бұлжытпай орындалуын,  
тиімді мемлекеттік басқаруды және әділ  
сот төрелігіне, соның ішінде әкімшілік сот тө-  
релігіне қолжетімділікті қамтамасыз ету қажет.  
Әкімшілік әділет осы тұрғыдан құқық үстемді-  
гін орнықтыру мен нығайтудың ажырамас бөлігі  
болып саналады. Ол сот жүйесінің даму бағытын

институттық деңгейден азаматтардың құқықтарын нақты қорғауға бағытталған тәжірибелік арнаға бұрады, яғни сот төрелігінің негізгі назарын мемлекеттік құрылымдардың мүдделерінен азаматтардың заңды құқықтары мен еркіндіктеріне аударады (Халберг, 2013).

Қолданыстағы құқықтық тәжірибеде әкімшілік соттардың қызметі азаматтардың, соның ішінде жалдамалы жұмыскерлердің құқықтарын қорғауда барған сайын маңызды мәнге ие болуда. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің енгізілуі бұл бағыттағы сот тәжірибесін жүйелеп, мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекеттерінің заңдылығына бақылауды күшейтті. Статистикалық деректерге сүйенсек, ӘРПК күшіне енгеннен бері әкімшілік соттарға 87,5 мыңнан астам талап арыз түскен, олардың шамамен 59 пайызы қанағаттандырылған. Бұл дерек соттардың әкімшілік әділет қағидаттарын іс жүзінде тиімді жүзеге асырып отырғанын және азаматтардың, соның ішінде жұмыскерлердің, мемлекеттік органдарға деген сенімін арттырғанын көрсетеді (<https://bit.ly/>).

Бұл үрдіс әкімшілік әділеттің негізгі қағидаттарының – сенім құқығы, құқықтардың басымдығы және соттың белсенді позициясы – нақты іске асырылуының нәтижесі болып табылады. Еңбек қатынастары саласында бұл қағидаттар еңбек инспекцияларының шешімдерінің заңдылығын қамтамасыз етуге, жұмыс берушілердің заңсыз әрекеттерінің алдын алуға және жұмыскердің құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасында еңбек қатынастары Еңбек кодексімен және оған ілеспе салалық нормативтік актілермен реттеледі. Конституцияның 24-бабы еңбек ету бостандығын, әділ еңбек жағдайларын және әлеуметтік қорғауға құқығын бекітіп, бұл кепілдіктерді әкімшілік әділет институты арқылы қамтамасыз етудің маңызын күшейтеді. Осылайша, әкімшілік әділет еңбек қатынастарының құқықтық мәдениетін арттырып, азамат пен мемлекет арасындағы өзара сенім мен жауапкершілік қағидаттарын орнықтыруға үлес қосады.

Қазіргі таңда жұмыскерлердің еңбек құқықтарының бұзылуы еңбек қатынастары саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мұндай құқықбұзушылықтарды қалпына келтірумен еңбек дауларын қарайтын уәкілетті органдар айналысады (<https://bit.ly/>). Мысалы, прокурорлық қадағалау нәтижесінде 624 жұмыскердің құқық-

тары қалпына келтірілген, бұл еңбек саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалау институттарының тиімділігін көрсетеді (<https://bit.ly/>).

Сонымен қатар еңбек құқықтарын іске асыру барысында жария-құқықтық элементтер де айқын байқалады. Бұл, әсіресе, мемлекеттік бақылау жүргізу немесе уәкілетті органдардың әрекеттеріне (не әрекетсіздігіне) шағымдану кезінде көрініс табады. Сондықтан еңбек дауларын тек жеке-құқықтық сипаттағы еңбек істері ретінде ғана емес, әкімшілік даулар ретінде де қарастыру қажет. Осы тұрғыдан алғанда, еңбек инспекциялары мен өзге де мемлекеттік органдардың актілері мен шешімдеріне қатысты шағымдарды азаматтық соттар емес, әкімшілік соттар қарауға тиіс деген ұстанымның маңыздылығы артып отыр (Сейдалина, 2013).

Дегенмен, ғылыми қауымдастық өкілдері Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте еңбек дауларының әкімшілік соттардың қарауына жататынын нақты айқындайтын тетік әлі де толық қалыптаспады деп есептейді. Бұл жағдай құқықтық анықсыздық тудырып, еңбек даулары бойынша істердің қай сот юрисдикциясына жататыны жөнінде тәжірибеде бірізділіктің болмауына себеп болады.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін ескере отырып, даулы қатынастардың салалық тиесілігін айқындау әкімшілік соттардың юрисдикциясын нақтылауға мүмкіндік береді. Яғни, белгілі бір істің әкімшілік соттарға жататынын анықтауда мемлекеттік қызметке қатыстылық дәрежесі, билік пен бағыныштылық қатынастарының сипаты және құқықтық иерархияның деңгейі сияқты өлшемдер шешуші рөл атқаруы тиіс. Бұл тұрғыда зерттеушілер мемлекеттік қызметті еңбек құқығы институтының бөлігі ретінде қарастыра отырып, мемлекеттік қызметтегі еңбек қатынастарының туындауы мен бекітілуі үшін күрделі фактілік құрам мен қосымша заңдық шарттардың қажет екенін атап өтеді (Сейдалина, 2021).

Осылайша, еңбек құқықтарын қорғаудың әкімшілік-құқықтық аспектілерін күшейту еңбек саласындағы әділдік пен заңдылықты қамтамасыз етудің маңызды алғышарты болып табылады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 198-бабында мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік еңбек инспекторының шешімдеріне, әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) шағым жоғары тұрған мемле-

кеттік еңбек инспекторына немесе сотқа берілуі мүмкін екені белгіленген (<https://adilet.zan.kz/>).

Бұл норма еңбек саласындағы мемлекеттік бақылау актілерінің заңдылығын қамтамасыз етуге және жұмыскерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге бағытталған маңызды құқықтық тетік болып табылады.

Сонымен қатар, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) 9-бабының 1-тармағына сәйкес әрбір азамат өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін әкімшілік органға немесе әкімшілік сотқа жүгінуге құқылы (<https://adilet.zan.kz/>).

Осыған байланысты жалдамалы жұмыскер еңбек инспекциясы сияқты бақылаушы органдардың заңсыз шешімдері мен әрекеттеріне, сондай-ақ мемлекеттік сектордағы жұмыс берушінің заңсыз бұйрықтарына тап болған жағдайда, еңбек сотымен қатар әкімшілік әділет механизмдерін де пайдалана алады. Бұл қағидат әсіресе мемлекеттік қызметшілерге қатысты өзекті болып табылады. Конституциялық доктрина тұрғысынан мемлекеттік қызмет қатынастары биліктік сипатқа ие, яғни «билік – бағыныштылық» қағидатына негізделеді. Сондықтан мұндай қатынастарда туындайтын даулар жеке-құқықтық сипаттан гөрі жария-құқықтық қатынастарға жатады. Осыған орай мемлекеттік қызметшілерге қатысты кейбір еңбек даулары әкімшілік соттардың юрисдикциясына жатқызылуы орынды болып табылады. Бұл тәсіл құқықтық анықтылықты арттырып қана қоймай, әкімшілік әділет жүйесінің еңбек құқықтарын қорғаудағы әлеуетін күшейтеді.

Халықаралық құқық жүйесінде жұмыскерлердің құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз ету мемлекеттердің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл қағида халықаралық еңбек стандарттарында, әсіресе Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) құжаттарында нақты көрініс тапқан. Атап айтқанда, ХЕҰ-ның Еңбек инспекциясы туралы №81 (өнеркәсіп пен саудада) (<https://adilet.zan.kz/>) және №129 (ауыл шаруашылығында) (<https://adilet.zan.kz/>) конвенциялары жұмыскерлердің құқықтарын қорғау мен еңбек заңнамасының сақталуын қамтамасыз етудің негізгі халықаралық-құқықтық негізін құрайды. Қазақстан Республикасы аталған конвенцияларды 2001 жылы ратификациялап, оларды ұлттық құқық жүйесіне енгізді. Осы арқылы мемлекет еңбек заңнамасының сақталуын

бақылаудың тиімді мемлекеттік жүйесін қалыптастыру және жұмыскерлердің еңбек құқықтарының бұзылуына қатысты шағымдарды есепке алу мен қарау тетіктерін жетілдіру міндеттемесін өз мойнына алды. ХЕҰ конвенцияларында көзделген талаптарға сәйкес, еңбек қатынастары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган олардың ұлттық заңнамада орындалуы мен қолданылуына қатысты мерзімді есептер дайындап, оларды Халықаралық еңбек ұйымының тиісті құрылымдарына ұсынады. Бұл тәжірибе Қазақстанның еңбек саласындағы саясатын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге, еңбек инспекциясы институтының тиімділігін арттыруға және жұмыскерлердің құқықтарын қорғау жүйесін жетілдіруге бағытталған (<https://bit.ly/>).

Еуропалық заңнама, соның ішінде Еуропалық әлеуметтік хартия мен Еуропалық Одақтың директивалары, жұмыскерлердің құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету мен еңбек инспекциясы институтының міндетті функцияларын жүзеге асыруға баса назар аударады. Бұл құжаттар еңбек саласында әділдік, қауіпсіздік және теңдік қағидаттарын ілгерілетудің басты құралдары ретінде танылған. Қазақстан Республикасы Еуропа Кеңесіне мүше болмаса да, еуропалық құқықтық тәжірибе ұлттық заңнаманы жетілдіруде үлгілік және ұсынымдық мәнге ие. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық сот (ЕҚС) өзінің бірқатар шешімдерінде құқықтарды қорғаудың тиімді рәсімдерін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтеді. Атап айтқанда, Еуропалық конвенцияның 6-бабы әділ сот талқылауына құқықты, ал 11-бабы бірігу бостандығына құқықты бекітеді. Бұл қағидаттар мемлекет пен жұмыскер арасындағы еңбек дауларының контекстінде де өзекті болып табылады. Мысалы, ЕҚС-тың жұмыскерлерді әділетсіз жұмыстан босату немесе еңбекақыны төлемеу жөніндегі істер бойынша шешімдерінде тәуелсіз және бейтарап сотқа қолжетімділік құқығы мен әрбір шағымның әділ әрі уақтылы қаралуы міндетті құқықтық кепіл ретінде ерекше атап көрсетіледі (<https://bit.ly/4isqNli>).

Бұл қағидаттар әкімшілік әділеттің негізгі мақсаттарымен үйлеседі, өйткені олардың түпкі мәні – азаматтың әкімшілік органдарға немесе жұмыс берушіге берген шағымының жария-құқықтық сипаттағы бөлігінде объективті әрі әділ қаралуын қамтамасыз етуге бағытталған. Мұн-

дай тәсіл әкімшілік әділеттің азамат мүддесіне бағдарланған сипатын күшейтеді.

Мысалы, Германияда еңбек қатынастары жария-құқықтық және жеке-құқықтық болып екіге бөлінеді. Конституцияда бекітілген мемлекеттік қызметшілердің ерекше санаттары – лауазымды тұлғалар (Beamte), судьялар және әскерилер – тәртіптік сипаттағы істер бойынша әкімшілік (тәртіптік) соттардың қарауына жатады. Ал өзге санаттағы жұмыскерлер арасындағы еңбек даулары еңбек соттарының құзыретінде қаралады. Германиядағы мемлекеттік қызметшілер институты – Beamte – арнайы жария-құқықтық нормалармен реттеледі және бұл санаттағы қызметкерлердің құқықтық мәртебесі еңбек шартына емес, мемлекеттік билік пен бағыныштылық қағидатына негізделген. Бұл модель мемлекеттік қызметтегі еңбек қатынастарын жалпы еңбек құқығы жүйесінен бөліп қарауға және олардың әкімшілік әділет тетіктері арқылы шешілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді (<https://bit.ly/44HuaPA>).

Германиядағы мемлекеттік қызмет жүйесі жария-құқықтық сипатқа ие. Мемлекеттік қызмет туралы құжатта атап көрсетілгендей: «Еңбек құқығы тек жеке еңбек шартына негізделген қатынастарға қолданылады. Мемлекеттік қызметшілердің (Beamte) мансаптық санаты еңбек құқығының қолданылу аясынан тыс қалады. Мансаптық мемлекеттік қызметшілер мен мемлекет арасындағы қатынастар жеке шарттық сипатқа ие емес, ол қоғамдық құқықпен реттеледі» (<https://bit.ly/3MdI9q8>), яғни, Германияда мемлекеттік қызметшілер еңбек кодексіне емес, жария-құқықтық нормаларға бағынады, ал олардың құқықтық мәртебесі мен даулары әкімшілік соттар арқылы шешіледі.

Яғни, мемлекеттік қызметкер – мемлекет тағайындаған, жария-құқықтық актіге бағынатын, қызметтік міндеттерді орындауға міндетті, қызметі ұзақ мерзімді және ерекше мәртебеге ие тұлға болып табылады. Мұндай жағдайда оның еңбек құқықтары мен міндеттері жалпы еңбек құқығымен емес, жария құқық нормаларымен реттеледі.

Сонымен, Германияда еңбек даулары бойынша еңбек соттары жұмыс істейді: Arbeitsgerichte → Landesarbeitsgerichte → Bundesarbeitsgericht, ал жария-құқықтық сипаттағы даулар (мемлекеттік қызметшілерге қатысты) әкімшілік соттарда қаралады – Verwaltungsgerichte. Бұл туралы Германия Федеративтік Республикасының

Конституциясының 33-бабының 4-тармағында нақты айтылады: жария-құқықтық қызмет мәртебесі (Beamtenstatus) тек мемлекеттік биліктің тұрақты функцияларын орындайтын тұлғаларға тән. Осыдан келіп шығады, жария-құқықтық қызметтік қатынастар мен жеке-құқықтық еңбек қатынастарының айырмашылығы конституциялық-құқықтық сипатқа ие.

Францияда да ұқсас жүйе қалыптасқан: мемлекеттік қызметшілер өз құқықтарын әкімшілік соттарда, оның ішінде Мемлекеттік кеңеске (Conseil d'État) шағымдану арқылы қорғайды, ал жеке сектор жұмыскерлері еңбек даулары бойынша еңбек трибуналдарына (Conseil de Prud'hommes) жүгінеді.

Жалпы алғанда, шетелдік тәжірибе көрсеткендей, әкімшілік әділет жүйесі еңбеккерлердің құқықтарын қорғауда маңызды құқықтық кепіл бола алады, әсіресе еңбек қатынастарында «билік – бағыныштылық» элементі айқын байқалатын жағдайларда.

Қазақстанда әкімшілік әділет институты дәстүрлі еңбек дауларын шешу тетіктерін – еңбек соттарын, еңбек дауларын қарау жөніндегі комиссияларды және прокуратура органдарын – толықтырып, азаматтардың құқықтарын қорғаудың қосымша арнасына айналды. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске (ӘРПК) сәйкес, қызметкер мемлекеттік органның әрекетіне немесе әрекетсіздігіне қатысты шағымды алдымен әкімшілік рәсім тәртібімен (61–70-баптар) бере алады, ал егер қабылданған шешімге қанағаттанбаса, оны әкімшілік сотта даулауға құқылы (91–99-баптар). Бұл, мысалы, еңбек инспекциясы қызметкердің өтінішін қабылдаудан бас тартқан жағдайда, азамат әкімшілік іс қозғап, соттан мұндай әрекетке құқықтық баға алу мүмкіндігіне ие болатынын білдіреді.

Осы тәжірибе негізінде ӘРПК жұмыскерлердің әділ сот төрелігіне қолжетімділігін кеңейтетін, сондай-ақ мемлекеттік билік органдарының шешімдері мен әрекеттері үстінен бақылауды күшейтетін маңызды құқықтық құрал ретінде бағалануы мүмкін. Алайда, Қазақстанда әкімшілік соттар жаңадан құрылғандықтан (ӘРПК 2021 жылдан бастап күшіне енді), еңбек қатынастарына қатысты тұрақты сот практикасы әлі де қалыптасу кезеңінде.

Бұған қарамастан, прокуратура органдары еңбек құқықтарын қорғауда белсенді рөл атқарып келеді. Көптеген жағдайларда олар жұмыскерлердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіріп,

құқықтық тәртіпті қалпына келтіруде өзіндік «әкімшілік төреші» рөлін атқарады. Бұл әкімшілік әділеттің әлеуетін көрсеткенімен, оның тиімділігін шектейтін бірқатар мәселелер бар.

Біріншіден, ӘРПК-де әкімшілік соттардың құзыретіне жататын еңбек дауларының нақты тізімі көрсетілмеген. Мұның салдарынан сот тәжірибесінде анық еместік байқалады: мысалы, мемлекеттік қызметшінің жұмысына қайта қабылдануы немесе тәртіптік жазаға шағымдануы әкімшілік дауға жата ма деген сұрақтар туындайды. Қолданыстағы нормалар бұл мәселені жалпы түрде ғана сипаттап, түпкілікті шешімді судьяның қарауына қалдырады.

Екіншіден, әкімшілік процесте қызметкерлердің құқықтарын қорғаудың арнайы рәсімі толық қалыптаспаған. ӘРПК бойынша жұмыскер жалпы қатысушы ретінде танылады, алайда оның еңбек дауларындағы нақты процессуалдық құқықтары мен міндеттері нақты регламенттелмеген. Бұдан бөлек, Еңбек кодексінің 198-бабына сәйкес міндетті сотқа дейінгі тәртіптің болуы әкімшілік қорғау процесін баяулатуы мүмкін: қызметкер алдымен жоғары тұрған еңбек инспекторына жүгініп, тек содан кейін ғана сотқа бара алады.

Үшіншіден, тәжірибеде көптеген қызметкерлер әкімшілік органдарға немесе соттарға шағымдану мүмкіндігі бар екенін білмейді. Еңбек саласындағы әкімшілік рәсімдер туралы ақпараттандыру мен құқықтық кеңес беру жүйесі жеткілікті деңгейде дамымаған.

Соңында, өкілеттіктердің қайталануы байқалады: еңбек құқықтарын қорғау міндеттерін бір мезетте прокуратура, еңбек инспекциясы және соттар орындайды. Бұл өзара іс-қимылдың нақты тәртібінің болмауы құқық қорғау процесін ұзаққа созып, жауапкершілікті бір органнан екіншісіне аударуға әкеледі. Соның салдарынан қызметкер уақыт пен ресурсын жоғалтып, құқықтық әділеттілікке қол жеткізуі қиындайды.

Осыған орай, еңбек құқықтарын қорғауда әкімшілік әділетті тиімді пайдалану үшін нормативтік базаны жетілдіру, сот тәжірибесін нақтылау, сондай-ақ уәкілетті органдардың өзара іс-қимылын жүйелеу қажет. Бұл шаралар азаматтардың құқықтарын қорғауда әкімшілік әділеттің толыққанды және сенімді құқықтық тетік ретінде орнығуына мүмкіндік береді.

Біріншіден, еңбек дауларының әкімшілік соттардың құзыретіне нақты түрде жататынын

заң жүзінде бекіту қажет. Бұл мақсатта Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске (ӘРПК) толықтырулар енгізіп, мемлекеттік қызметшілердің, соның ішінде тәртіптік жаза мен жұмысқа қайта қабылдау мәселелері бойынша талап арыздарын әкімшілік соттарда қарау жөнінде нақты норма белгілеу ұсынылады. Мұндай тәсіл жауапкер ретінде жеке лауазымды тұлғаны емес, тиісті мемлекеттік органды (мысалы, еңбек инспекциясын) көрсетуге мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде даулардағы жауапкердің мәртебесіне қатысты түсінбеушіліктерді жояды.

Екіншіден, сотқа дейінгі тәртіпті қайта қарау маңызды. Егер жоғары тұрған еңбек инспекторына шағымдану еңбек дауының уақтылы шешілуіне кедергі келтірсе немесе жұмыскердің құқықтарына нақты қауіп төндірсе, мұндай жағдайда тікелей сотқа жүгіну мүмкіндігін заңмен бекіту орынды. Сонымен қатар, шұғыл сипаттағы жағдайларда жедел шағымдану рәсімін енгізу еңбек құқықтарының тиімді қорғалуына ықпал етер еді.

Үшіншіден, қызметкерлердің әкімшілік және құқықтық қорғау тетіктері туралы хабардарлығын арттыру қажет. Бұл бағытта ақпараттық түсіндіру науқандарын жүргізу, еңбек жөніндегі уәкіл институтының ағартушылық қызметін күшейту және «бір терезе» қағидаты бойынша құқықтық көмек көрсету орталықтарын құру маңызды. Мұндай орталықтарда азаматтар еңбек заңнамасының бұзылуына қатысты шағым беріп, өтініштерді рәсімдеуге кәсіби көмек ала алады. Сонымен қатар, еңбек инспекциясы, прокуратура және соттар арасындағы өзара іс-қимылды күшейту қажет – мысалы, бірлескен хаттамалар қабылдау немесе құқық қолдану деңгейінде үйлестіру тетіктерін енгізу арқылы.

Төртіншіден, еңбек инспекциясына қатысты заңнаманы халықаралық ұсынымдарға сәйкестендіру өзекті. Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) сарапшылары инспекцияның тәуелсіздігін және тиімділігін арттыруды ұсынады. Қазіргі уақытта инспекцияларды жергілікті атқарушы органдардан (әкімдіктерден) Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы орталықтандырылған комитетке беру туралы заң жобасы талқылануда. Бұл реформа тәуелсіз еңбек инспекциясы институтын қалыптастыруға, инспекторлардың кәсіби біліктілігін арттыруға және бақылау сапасын күшейтуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ұлттық ерекшеліктерді сақтай отырып, шетелдік үздік тәжірибені енгізу маңызды. Атап айтқанда, Германиядағы жария және жеке қызметтік қатынастарды нақты ажырату тәжірибесін Қазақстан жағдайына бейімдеу еңбек қатынастарын реттеу жүйесін жетілдіруге сеп болмақ.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы әкімшілік әділет жүйесі жалдамалы қызметкерлердің құқықтарын қорғауды күшейтудің және дәстүрлі еңбек құқықтық тетіктерін толықтырудың зор әлеуетіне ие. Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың әрекетіне немесе әрекетсіздігіне сот арқылы шағымдану мүмкіндігі қызметкерлерге еңбек заңнамасының орындалуын жедел әрі тиімді қамтамасыз етуге жол ашады.

Дегенмен, бұл әлеуетті толық іске асыру үшін бірқатар нормативтік және ұйымдастырушылық кедергілерді жою қажет, атап айтқанда:

- еңбек дауларының сотқа бағыныстылығын нақтылау;
- сотқа дейінгі тәртіпті икемді ету;
- жұмыскерлердің құқықтық хабардарлығын арттыру;
- уәкілетті органдардың өзара іс-қимылын жүйелеу.

Халықаралық еңбек ұйымының стандарттары мен жетекші елдердің тәжірибесі көрсеткендей, білікті еңбек инспекциясы мен қолжетімді сот қорғауының үйлесуі еңбек саласындағы әділдіктің негізгі кепілі болып табылады. Ұсынылған реформалар Қазақстанда әкімшілік әділетті еңбек құқықтарын қорғаудың пәрменді құралына айналдырып, қызметкерлердің құқықтық мемлекетке деген сенімін нығайтуға және елдің құқықтық жүйесін Еуропалық Одақ пен ЭЫДҰ стандарттарына жақындатуға мүмкіндік береді.

### Авторлардың үлесі

*Н. Исабай: зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеу, әдіснамасын қалыптастыру, ғылыми жетекшілік ету, мәтінді редакциялау және қорытындыларды нысықтау. Д.Б. Тебаев: зерттеу жүргізу, нормативтік-құқықтық актілерді талдау, деректерді жинау және өңдеу, мақаланың бастапқы нұсқасын дайындау. М.К. Журунова: құқық қолдану тәжірибесін талдау, нәтижелерді интерпретациялау, валидациялау, мәтінді редакциялау және толықтыру.*

### Әдебиеттер

- Диденко, А. А. (2023). Система источников правового регулирования института разрешения административных споров. *Молодой ученый*, 48(486), 120–126.
- Ежегодник публичного права 2018: Принципы административных процедур и административного судопроизводства. (2018). Москва: Инфотропик Медиа.
- Феофилактов, А. С. (2005). Судебно-арбитражная практика по делам о привлечении к административной ответственности за нарушение трудового законодательства работодателем. *Top-Personal.ru*, 12, 1–10.
- Халльберг, П. (2013). *Административное правосудие*. Москва: Академпресс.
- Качкин и Партнёры. (2021, 23 декабря). ВС разъяснил тонкости рассмотрения административных дел о нарушении трудового законодательства. *Kachkin.ru*.
- Ковалева, Е. А. (2025). Судебная и несудебная защита трудовых прав в России. *Prolog*, 1, 1–12.
- Молочко, Н. Н. (2004). Юридические процедуры, применяемые в трудовом праве. В *Трудовое право Республики Беларусь* (гл. 7). Гродно: ГрГУ.
- Нурмагамбетов, А. М., & Жумабаева, А. Б. (2024). Дискриминация в сфере труда и обязанности сторон трудовых и непосредственно связанных с ними отношений. *Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан*, 1(76), 98–105. [https://doi.org/10.52026/2788-5291\\_2024\\_76\\_1\\_98](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2024_76_1_98)
- Пилипенко, Т. П. (2016). Особенности разрешения административных споров в сфере трудового законодательства. *Polymathis Scientific Journal*, 2, 75–79.
- Сейдалина, Ж. (2013). *Методика судебного разбирательства по гражданским делам*. Алматы: [издательство не указано].
- Сейдалина, Ж. (2023). Административные споры в сфере труда: процессуальные гарантии участников. *Молодой ученый*, 48(486), 127–132.
- Сейдалина, Ж. (2024, 31 октября). Вопросы подсудности административным судам некоторых категорий трудовых споров. *Zakon.kz*. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=35859345](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35859345)

- Шишимбаева, С. С. (2014). С чего начинается административная юстиция? *Вестник Института законодательства*, 2(34), 22–25.
- Сошникова, Т. А. (2013). Судебная защита конституционных прав и свобод человека в сфере труда. *Адвокат*, 4, 15–22.
- Степанова, А. В. (2017). Способы защиты трудовых прав работников: юрисдикционная форма. *Polymathis Scientific Journal*, 2, 45–52.

## References

- Didenko, A. A. (2023). Sistema istochnikov pravovogo regulirovaniya instituta razresheniya administrativnykh sporov [System of sources of legal regulation of the institution of administrative dispute resolution]. *Molodoy uchenyy*, 48(486), 120–126.
- Ezhegodnik publichnogo prava 2018: Printsipy administrativnykh protsedur i administrativnogo sudoproizvodstva [Public law yearbook 2018: Principles of administrative procedures and administrative proceedings]. (2018). Moscow: Infotropik Media.
- Feofilaktov, A. S. (2005). Sudebno-arbitrazhnaya praktika po delam o privilechenii k administrativnoy otvetstvennosti za narushenie trudovogo zakonodatelstva rabotodatelem [Judicial practice on cases of administrative liability for violation of labour legislation by employers]. *Top-Personal.ru*, 12, 1–10.
- Hallberg, P. (2013). *Administrativnoe pravosudie* [Administrative justice]. Moscow: Akadempress.
- Kachkin & Partners. (2021, December 23). VS razyasnil tonkosti rassmotreniya administrativnykh del o narushenii trudovogo zakonodatelstva [The Supreme Court clarified the nuances of administrative cases on labour law violations]. *Kachkin.ru*.
- Kovaleva, E. A. (2025). Sudebnaya i nesudebnaya zashchita trudovykh prav v Rossii [Judicial and non-judicial protection of labour rights in Russia]. *Prolog*, 1, 1–12.
- Molochko, N. N. (2004). Yuridicheskie protsedury, primenyaemye v trudovom prave [Legal procedures applied in labour law]. In *Trudovoe pravo Respubliki Belarus* [Labour law of the Republic of Belarus] (Chap. 7). Grodno: GrSU.
- Nurmagambetov, A. M., & Zhumabaeva, A. B. (2024). Diskriminatsiya v sfere truda i obyazannosti storon trudovykh i neposredstvenno svyazannykh s nimi otnosheniy [Discrimination in the sphere of labour and obligations of the parties to labour and closely related relations]. *Vestnik Instituta zakonodatelstva i pravovoy informatsii Respubliki Kazakhstan*, 1(76), 98–105. [https://doi.org/10.52026/2788-5291\\_2024\\_76\\_1\\_98](https://doi.org/10.52026/2788-5291_2024_76_1_98)
- Seidalina, Zh. (2013). *Metodika sudebnogo razbiratelstva po grazhdanskim delam* [Methodology of court proceedings in civil cases]. Almaty: [Publisher not specified].
- Seidalina, Zh. (2023). Administrativnye spory v sfere truda: protsessualnye garantii uchastnikov [Administrative disputes in the labour sphere: Procedural guarantees of participants]. *Molodoy uchenyy*, 48(486), 127–132.
- Seidalina, Zh. (2024, October 31). Voprosy podvedomstvennosti administrativnym sudam nekotorykh kategoriy trudovykh sporov [Jurisdiction of administrative courts over certain categories of labour disputes]. *Zakon.kz*. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=35859345](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35859345)
- Shishimbaeva, S. S. (2014). S chego nachinaetsya administrativnaya yustitsiya? [Where does administrative justice begin?]. *Vestnik Instituta zakonodatelstva*, 2(34), 22–25.
- Soshnikova, T. A. (2013). Sudebnaya zashchita konstitutsionnykh prav i svobod cheloveka v sfere truda [Judicial protection of constitutional rights and freedoms in the labour sphere]. *Advokat*, 4, 15–22.
- Stepanova, A. V. (2017). Sposoby zashchity trudovykh prav rabotnikov: yurisdiktsionnaya forma [Means of protecting employees' labour rights: Jurisdictional form]. *Polymathis Scientific Journal*, 2, 45–52.
- Pilipenko, T. P. (2016). Osobennosti razresheniya administrativnykh sporov v sfere trudovogo zakonodatelstva [Features of resolving administrative disputes in the field of labour legislation]. *Polymathis Scientific Journal*, 2, 75–79.

### **Авторлар туралы мәлімет:**

Нурбек Исабай – Астана халықаралық университеті, Құқық жоғарғы мектебінің қауымдастырылған профессоры, PhD (Астана, Қазақстан, e-mail: [nurbek.isabay@gmail.com](mailto:nurbek.isabay@gmail.com)).

Тебаев Дидар Болатович – Заңнама және құқықтық ақпарат институтының жетекші ғылыми қызметкері, PhD (Астана, Қазақстан, e-mail: [tebdidar@gmail.com](mailto:tebdidar@gmail.com)).

Журунова Мереке Конысхановна – Астана халықаралық университеті, Құқық жоғарғы мектебінің аға оқытушысы, құқық магистрі (Астана, Қазақстан, e-mail: [merekezurunova@gmail.com](mailto:merekezurunova@gmail.com)).

### **Information about authors:**

Nurbek Isabay – PhD, Associate Professor at the Higher School of Law of Astana International University (Astana, Kazakhstan, e-mail: [nurbek.isabay@gmail.com](mailto:nurbek.isabay@gmail.com)).

Tebayev Didar Bolatovich – PhD, Leading Researcher at the Institute of Legislation and Legal Information (Astana, Kazakhstan, e-mail: [tebdidar@gmail.com](mailto:tebdidar@gmail.com)).

Zhurunova Meraike Konyskhanovna – Master of Laws, Senior Lecturer at the Higher School of Law of Astana International University (Astana, Kazakhstan, e-mail: [merekezurunova@gmail.com](mailto:merekezurunova@gmail.com)).

**Сведения об авторах:**

Нурбек Исабай – PhD, ассоциированный профессор Высшей школы права Международного университета Астана (Астана, Казахстан, e-mail: nurbek.isabay@gmail.com).

Тебаев Дидар Болатович – PhD, ведущий научный сотрудник Института законодательства и правовой информации (Астана, Казахстан, e-mail: tebdidar@gmail.com).

Журунова Мереке Конысхановна – магистр права, старший преподаватель Высшей школы права Международного университета Астана (Астана, Казахстан, e-mail: merekezuripova@gmail.com).

Тіркелді: 02.12.2025  
Қабылданды: 20.03.2026